

Мемлекеттік рәміздерге - 20 жыл

ҚОЛДА БАРДЫҢ ҚАДІРІН ҰҒЫНАЙЫҚ., АҒАЙЫН!

Изенді модельдік ауыл кітапханасында оқырмандар мен қызмет атқарушы азаматшалар арасында Мемлекеттік рәміздер күніне арналған «Қазақ елінің рәміздеріне - 20 жыл» атты дөңгелек үстелі өткізілді.



Халқымыздың бастан өткерген тарихының әр беті бізге қымбат. Бүгінгі күн осыдан 20 жыл бұрын Президент Қазақстанның Туы, Елтаңбасы және Өнұранының заңнамалық мәртебесін белгілейтін тұңғыш заңға қол қойды.

Кез келген өркениетті елге тән ортақ ұқсастықтар мен рухани құндылықтары болады. Ту, Елтаңба және Өнұран солардың бірегей нышандары. Өйткені, бұл рәміздер әр мемлекеттің тәуелсіздігін білдіруімен қатар, елдікке шақыратын, тұтастыққа ұйыстыратын, бірлікке үндейтін, жүректегі патриоттық сезімді оятатын, отанды, жерді сүюге жетелейтін, ерлік дәстүрлер мен сабақтастық рухында

тәрбиелеуге, жұмылдыратын айшықты белгілер саналады. Еркіндігіміздің көк байрағы көкте желбіреп, Елтаңба төрде орнығып, Өнұран шырқай орындалғанда, ата-бабаларымыз сан ғасырлар аңсаған елдік қалпымыз бен сүттей ұйыған тіршілігімізге, дербес саяси және экономикалық даму жолына түскенімізге шүкіршілік айтып толқымайтын жан, селт етпейтін көңіл болмас сірә.

1992 жылдың 4 маусымы ел тарихындағы ерекше мәртебелі күн болып, тарихта қалары ақиқат. Содан бері Республика жұртшылығы мемлекеттік рәміздеріміздің мерейлі күнін асыға күтіп, жоғары көңіл күймен атап келеді. Айтулы датаны лайықты қарсы алуды басты борышымыз, асқақ парызымыз деп білеміз.

Кез келген елдің тәуелсіздігін оның мемлекеттік рәміздерінен бөліп алып қарауға болмайды. Еліміздің егемендігі мен тәуелсіздігінің қасиетті нышандарын қадірлеу Қазақстанды Отаным дейтін, өз тағдырын және ұрпақтарының келешегін қазақ жерімен байланыстыратын барша Қазақстандықтың Отан алдындағы қасиетті міндеттерінің бірі. Кез келген мемлекет әлемде өзінің мемлекеттік туымен, елтаңбасымен әнұранымен ерекшеленеді. Ол мемлекеттің белгісі. Дүние жүзіндегі ең беделді халықаралық ұйым-БҰҰ-ның алдында Қазақстан туы шалқи желбіреп тұр. Ал 25 жылдай бұрын ол халықтың көкейіндегі қашан орындалары беймәлім тек арман болатын.

Көгілдір түсті Туымыздың ортасында шаңырақ бейнесіндегі сәулелі алтын күн орналасқан, оның астында қалықтап ұшқан қыран бейнеленген, тудың сабының тұсында ұлттық өрнек тік жолақ түрінде нақышталған.

Шұғылалы алтын күн тыныштық пен байлықты бейнелесе, дала бүркіті қазақстандықтар ұғымында дарқандық пен қырағылық, биіктік белгісі.

Көптеген елдердің туларының қатарында біздің туымыз айрықша көрініп тұрады.

Тудың авторы: Ш. Ниязбеков.

Айшықты әсем Елтаңбамыздың барлық бейнесін тұтас алып қарағанда, ол бір шаңырақтың астында тату-тәтті өмір сүріп жатқан Қазақстан халқының өсіп-өркендеуін, рухани байлығын, сан сырлы, алуан қырлы бет-бейнесін көрсетеді.

Елтаңба авторлары: Ш. Уалиханов пен Ж. Мәлібеков екені барша жұртқа аян.

Естеріңізде болса, 1992 жылы Қазақстанның алғашқы Өнұраны қабылданғаны белгілі. Алайда, әні бұрынғы қалпында қалған, созылыңқы ырғақта айтылатын Өнұран халықтың жүрегінен соншалық орын таба алмады. Сөйтіп, 1956 жылы дүниеге келіп, 1986 жылы Желтоқсанда асқақ дауыспен дүйім жұрт көкірегінен шырқалған «Менің Қазақстаным» әні 2006 жылы ҚР-ның мемлекеттік Өнұранына айналды. Және бұл шешімді халық бірауыздан қолдады, халықтың жүрегінен шыққан ұсыныс болды.

Өнұран авторлары: әні Ш. Қалдаяқов, сөзін жазғандар Ж. Нәжімеденов, Н. Ә. Назарбаев «Алтын күн аспаны, Алтын дән даласы», деп басталатын Өнұранымыздың алғашқы жолдарының өзі-ақ қазақ елінің кендігін, бейбіт өмірін айқын көрсетіп тұр.

Белгілі өнге қосылған жаңа шумақтың елдік ұранымен жарасым тауып тұрғанын сезінуге болады. Мемлекеттік рәміздерді құрметтеу - әрбір қазақстандықтарымыздың абыройлы міндеті. Өйткені, біз мемлекеттік рәміздерімізді құрметтеу және қастерлеу арқылы елімізге, мемлекетімізге деген ізгі ниетіміз бен шын ықыласымызды білдіреміз. Тұғырым - Көк байрақ. Өнұран - мол қайрат. Елтаңбам - жұртқа айбат. Ошақтың үш бұтындай болған осы қасиетті ұғымдар әрбір қазақтың миында қатталып, санасында жатталып тұруға тиіс.

Әлемге асқақаты бар, қазақ деген заты бар, төбесінде қыраны қалықтаған, болашаққа нық қадаммен шарықтаған Тәуелсіз Қазақстанның көк байрағы шынымен-ақ біздің мақтанышымыз. «Отан - оттан да ыстық» деген тәлімді өз отаншылдық сезімді қапыптастырудың, орнықтырудың қаншалықты маңызды екенін айғақтайды. Оның бір кайнар көзі мемлекеттік рәміздерімізде жатқанын ұмытпайық!

Келген оқырмандарымызда, қонақтарымызда өз пікірлерін айтып Қазақ елі биікке самғауына тілектес екендіктерін жеткізді.

Кешіміз Е. Сарсембаевтың орындауында «Қазақтай ел қайда» әнімен аяқталды.

А. Е. Бердешева,

Изенді модельдік ауыл кітапханашы